ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 26 маусым № 5265-25-00-2/1214 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.Ш. Мырзахметов
сот отырысының хатшысы М.Ғ. Ғалижанның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Ажарлы Ел» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық сомасын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Е.Байымбетов
Талап қоюшының өкілдері Б. Егизеков пен Ж.Ахмедов
Жауапкердің өкілі А. Алсеитов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тапсырыс беруші «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, (ары қарай - Талап қоюшы) мен орындаушы «Ажарлы Ел» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі (ары қарай - Жауапкер) арасында № 13713731-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде негізінде 2025 жылы 27 қаңтарында № 311 ТиВ санды және № 13672253-ЗЦП1 бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде 2025 жылы

25 қаңтарында № 302 ТиВ санды құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалған (ары қарай – № 311 Шарт және № 302 Шарт).

№ 302 Шарттың 2.1 тармағына сай Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті: ерекшелігі бойынша 076-114-159 6506 ә/б автокөлік құралдарын ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар Шарттың 3.1 тармағына сай құны 79 999 теңге.

№ 311 Шарттың 1.1 тармағына сай Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетті: ерекшелігі бойынша 076-114-159 6698 ә/б автокөлік құралдарын ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар Шарттың 3.1 тармағына сай құны 535 714, 27 теңге.

Шарттардың № 1 қосымшасына сай жауапкердің қызмет көрсету мерзімі: 2025 жылғы15 наурызға дейін деп белгіленген.

Алайда, жауапкер шарттар бойынша өз міндеттемелерін атқармағандықтан, тапсырыс беруші жауапкерді талап қоюдың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Істі қарау барысында, талап қоюшы өз талап қоюын нақтылап, № 302 Шарт бойынша жауапкер міндеттемелерін толығымен орындағанын, ол жайлы тараптармен түзілген 2025 жылғы 23 маусымдағы № 250330/00/3 орындалған жұмыстар актісі түзілгенін және тұрақсыздық сомасы 2025 жылғы 26 маусымда түзілген шартқа қосымша келісімге сәйкес ұсталып қалғанын, ал № 311 шарт біржақтама бұзылғанын көрсетіп, тұрақсыздық айыбының есебін жаңартып, жауапкерден 31 071, 40 теңгені өндіруді сұраған.

Жауапкерден сотқа жазбаша қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшының өкілдері талап қоюды қолдап, жауапкермен № 311 Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағандықтан, өнім берушіні жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсызыдық айыппұл өндіру туралы талап қоюды қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкердің өкілі сотта талап қоюды толық мойындамай, оны негізсіз болуына байланысты қанағаттандырудан бастартуды сұраған.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 01.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 04.08.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 06.08.2025
5265-25-3-1/1239

Прокурор талап қою толық қанағаттандыруға жатады деп қорытынды берген.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі № 106-VIII ЗРК «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың талаптарына сай Өнім беруші өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Заңның 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Сотта анықталғаны, тараптар арасында 2025 жылғы 27 қаңтарда № 311-ТиВ санды құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт түзілген.

Жауапкер шарт талаптарына сай 2025 жылғы 15 наурызға дейін автокөліктерді жөндеу жұмыстарын атқаруға міндеттенген.

Алайда, Жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған, қызметті көрсетпеген.

Нәтижесінде, тапсырыс беруші жауапкерге 2025 жылғы 18 наурызда мемлекеттік сатып алу порталы мен шартты біржақтама бұзу туралы хабарлама жолдаған, ал 2025 жылғы 12 мамырда шарт біржақтама бұзылған.

Аталған талап қоюмен 2025 жылғы 14 сәуірде сотқа жүгінген.

Шарттың 4.1 тармағына сәйкес орындаушы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 01.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 04.08.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 06.08.2025
5265-25-3-1/1239

Талап қою талабына қарау кезінде, сот өнім берушіге қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындау міндетті жүктелген шарттың ережелерін ескереді.

АК-нің 359-бабына сәйкес, Жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір нақты дәлел ұсынбаған.

Өнім беруші шартпен бекітілген өз міндеттемелеріне немқұрайлы қарап, шартты орындаудан біржақтама жалтарған.

Тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Жауапкермен АПК-нің 72-бабының талабына сәйкес Талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын басқа ешқандай дәлелдемелер сотқа ұсынылмаған.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Бұл тұрғыда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

№ 2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 8.4 тармағына сай Орындаушы Жұмыстарды орындаудан бас тартқан немесе Шарт бойынша Жұмыстарды орындау мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімде, бірақ Шарттың қолдануы аяқталу мерзімінен кешіктірмей Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, Орындаушыдан мерзімін кешіктірген әр күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) өндіре отырып, осы Шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқығы бар.

Шарттың қолдану мерзімі: 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Жауапкердің міндеттемелерін орындамағанын ескеріп, Талап қоюшы шарт талабына сай 31 071, 40 теңге тұрақсыздық сомасының есебін ұсынған: 535 714, 27 теңге *0,1 пайыз * 58 күнге (2025 жылғы 16 наурыз бен 12 мамыр аралығы).

Сот, аталған есепті қабылдап, дұрыс деп санайды.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 01.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 04.08.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 06.08.2025
5265-25-3-1/1239

Жауапкер сотқа мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындағаны жайлы дәлелдемелер ұсынылмаған.

Жоғарыдағылар негізінде, сот Талап қоюшының Жауапкерден мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық сомасы 31 071, 40 теңгені өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабына сай, егер тараптардың екеуі де сот шығыстарын төлеуден босатылса, онда іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар бюджет қаражаты есебіне жатқызылады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының - 5449 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Ажарлы Ел» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «Ажарлы Ел» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігінен мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық сомасы 31 071 (отыз бір мың жетпіс бір) теңге, 40 (қырық) тиын өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш. Мырзахметов**

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 01.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.08.2025, судья Мырзахметов К. Ш., 06.08.2025

5265-25-3-1/1239